

**«Тайынша агробизнес колледжі» КММ  
іс-әрекеттегі сыбайлас жемқорлық тәуекелінің  
ішкі талдау нәтижелері бойынша  
АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабының 2) тармақшасына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес 23-30 маусым аралығында «Тайынша агробизнес колледжі» КММ-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жөніндегі жұмыс тобы Колледж өз қызметінде басшылыққа алатын нормативтік құқықтық актілерді зерделеді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды талдау нәтижелері бойынша құқық бұзушылық анықталған емес.

Колледждің ұйымдастыру-басқару қызметінде 2020-2021 оқу жылына сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдаудан келесі бағыттар өткізілген:

7) Персоналды басқару .

Барлығы 57 адам, оның ішінде 57 штаттық және 0 қосымша. 57 адамнан-29 оқытушы және 28 персонал. 25 оқытушыдан-4 колледж әкімшілігі. Сырттай-0 оқытушы және 0 персонал. Ауыспалылық 27 қызметкерді құрады (5 оқытушы және 23 қызметкер) – қызметкердің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу. Тәртіптік жазалар жоқ. 2020-2021 оқу жылында теріс себептермен жұмыстан шығу фактілері анықталған емес.

8) Мүдделер қақтығысы фактілері анықталған емес.

9) Колледждің барлық қызметкерлерінің жеке істерінде ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық-анықтамалық есептеріне сәйкес соттылығының жоқтығы туралы анықтамалар бар.

10) Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шектеулер бойынша өткізілетін Мемлекеттік сатып алуға осы әлеуетті өнім берушінің бірінші басшыларының жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе жекжаттарының және (немесе) осы әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің қатысуына жол бермеу бөлігінде жүзеге асырылады, өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдауға құқығы бар не өткізілетін Мемлекеттік сатып алуда Тапсырыс берушінің немесе Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының өкілдері болып табылатын, әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға жол

берілмейтін және (немесе) атқарушылық құжаттар бойынша тартылатын және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған емес.

11) Колледжде сыбайлас жемқорлық фактісі бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері анықталған емес.

12) Прокурорлық қадағалау актілері түскен емес.

Колледждің 2020-2021 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар жоспарында келесі іс-шаралар қарастырылған: сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі заңнаманың, колледждің функционалдық қызметіне жататын заңдардың нормаларын түсіндіру бойынша құқықтық жалпы оқытуды ұйымдастыру, Колледж құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бұқаралық ақпарат құралдарындағы жағымсыз материалдарға реакция мониторингін жүргізу, Колледж қызметі туралы ақпаратты сайтта уақтылы орналастыруды қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы айдарларды жаңарту.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, жұмыс тобы «Тайынша агробизнес колледжі» КММ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған емес деген қорытындыға келді.

#### **Жұмыс тобы:**

Лариса Витальевна Смирнова – директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары

Гүлнар Дюсембайқызы Қасымова - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары  
Несібелі Ергешбайқызы Мылтықбаева - директордың оқу тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Оксана Николаевна Обыденко - бас бухгалтер;

Әнуэр Келденбайұлы Елемесов – шаруашылық меңгерушісі;

Игорь Михайлович Медведев – жатақхана меңгерушісі;

Юлия Сергеевна Волкова - жастар ісі жөніндегі комитетінің жетекшісі;

Гүлнар Хайроллақызы Асрандина - кәсіподақ комитетінің төрағасы.

Директор



Д.Ташетов